АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В05112 – Биотехнология

код және білім беру бағдарламасының атауы

Дәрежесі: *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Директорлар кеңесі бекітілген
«03» 03 2026 ж. хаттама № 4

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Тыңыми кеңесі ұсынылған «27»
02 2026 ж. Хаттама № 7

Астана, 2026

©«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Келісу парағы	4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	6
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	6
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	8
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы	12
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	65
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру	69
10 Түлек моделі	70
11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша)	72
12 Сараптамалық қорытынды	75

Алғы сөз

«6В05112 Биотехнология» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Бағдарлама 2022 жылғы 26 қазандағы «Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асыл тұқым ісі)» және 2024 жылғы 17 сәуірдегі «Микробиолог-зертханашы» кәсіби стандарттарының талаптарын, Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласындағы «Агрогенетик» кәсібіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ «Мал шаруашылығындағы биоинженер» өңірлік стандартын (Қостанай облысы, 118-бет) ескере отырып әзірленді.

«6В05112 Биотехнология» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «22» 01
Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданған, хаттама № 3
Төраға Аскарбеков Э.Б. _____

«6В05112 Биотехнология» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «13» 12
Технологиялық факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 3
Төраға Сафуани Ж.Е. _____

«6В05112 Биотехнология» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «13» 12
«Технология және стандарттау» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5
Кафедра меңгерушісі Байтукенова С.Б. _____

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы 6B05112 – Биотехнология

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық сұрақтар жөніндегі проректоры		Э. Аскарбеков	"22" 07 2026ж.
ББББ басқармасының басшысы	МО	Б. Баядилова	"22" 01 2026 ж.
«Экологиялық және өнеркәсіптік биотехнология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бас директоры	МО	А. Үсенова	"19" 12 2025ж.
«Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ҒЗИ» ЖШС төрағасы	МО	Ж. Уразбаев	"19" 12 2025ж.
«Bio DELTA Trading KZ» ЖШС директоры	МО	К. Айткенова	"19" 12 2025ж.
«Қазақстан Халал Индустриясы Қауымдастығы» ЗТБ төрағасы	МО	М. Сарсенбаев	"19" 12 2025ж.
«Capital managment» ЖШС директоры	МО	Д. Бахтиярова	"19" 12 2025ж.
БТ-231 оқу тобының білім алушысы		А. Дильдабаева	"19" 12 2025 ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
Дайындау бағыты	6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар
ББББ коды және атауы	6В05112 Биотехнология
ББББ бейіні	Жоғары жаратылыстану білімі
ББББ мақсаты	Биотехнологиялық өндірістерді жаңғырту жағдайында биологиялық нысандармен және қазіргі заманғы жабдықтармен жұмыс істеудің қазіргі заманғы эксперименттік әдістерін қолдануға қабілетті білікті, бәсекеге қабілетті бакалаврларды кешенді дайындау
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
ББББ оқу тілі	Орыс, қазақ
ББББ айрықша ерекшеліктері	Жоқ
Серіктес ЖОО	Жоқ

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В05112 Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
Кәсіби қызмет түрлері	Ұйымдастырушылық Басқарушылық Өндірістік-технологиялық Ғылыми-зерттеу
Кәсіби қызмет нысаны	Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің өндірістік кәсіпорындары мен зертханалары; микробиологиялық, фармацевтикалық өндірістер; ғылыми-зерттеу институттары, экологиялық қызметтер мен ұйымдар, тамақ және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау зертханалары.
Кәсіби қызмет міндеттері (еңбек қызметі)	ғылыми-зерттеу қызметі: – зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін енгізуге қатысу; – есептер, шолулар, ғылыми жарияланымдар жасау үшін деректерді дайындау; – зияткерлік меншік объектілерін қорғау жөніндегі іс-шараларға қатысу; ұйымдық-басқарушылық: – техникалық құжаттаманы (жұмыс кестесін, технологиялық

	нұсқаулықтарды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды, материалдар мен жабдықтарға өтінімдерді, іскерлік хат алмасу құжаттарын) жасауға қатысу; – жаңа тамақ өнімдерін сертификаттауға дайындау бойынша жұмыстарды орындау; өндірістік-техникалық: – жұмыс істеп тұрған биотехнологиялық өндірістердің жекелеген кезеңдерін басқару; – жұмыс орындарын ұйымдастыру, оларды технологиялық жарақтандыру, технологиялық жабдықтарды орналастыру;

3 Білім беру бағдарламасының құрылымы

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғарғы оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БП)	**89**
Жоғарғы оқу орны компоненті	40
Таңдау компоненті	49
Кәсіптік практика	7
Бейіндік пәндер циклы (БеП)	**87**
Жоғарғы оқу орны компоненті	10
Таңдау компоненті	60
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6B05112 – Биотехнология»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН$_{ЖББҚ1}$	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады.

	ОН$_{ЖББК2}$	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады.
	ОН1	Кәсіби қызметтегі міндеттерді шешу үшін экономика, құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық салаларындағы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырады..
	ОН2	Қолданбалы ғылыми міндеттерді шешуде аналитикалық әдістерді тиімді пайдаланады.
	ОН3	Биотехнологиялық процестерді негіздеу, әзірлеу және жетілдіру үшін молекулалық және жасушалық механизмдерді талдайды.
	ОН4	Аналитикалық, микробиологиялық және санитарлық-биологиялық зерттеулер жүргізу, биологиялық жүйелердің микрофлорасын бағалау, сондай-ақ консервациялау және сапаны бақылау процестерін қамтамасыз ету үшін биотехнологияның негізгі тенденцияларын талдайды.
	ОН5	Заманауи әдістерді, технологияларды және жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялайды.
Сандық құзыреттілік (Digital skills)	ОН$_{ЖББК3}$	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН6	Жаңа өнімдер мен үдерістерді жасау мақсатында заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып, биотехнологиялық тәсілдерді әзірлейді.
	ОН7	Анықтамалық геномдық тізбектерді әзірлеу және азық-түлік, ауылшаруашылық және ветеринарлық өнімдерді өндіру үшін озық цифрлық жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, биологиялық жүйелерді зерттеу, оңтайландыру және инновациялау үшін биотехнологиялық процестің қадамдарын үйлестіреді.
	ОН8	Биоөнімнің сапасы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ оның функционалдығын, қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету мақсатында биотехнологиялық кәсіпорындардың өндірістік процестерін жүзеге асырады.
	ОН9	Өндірістің тіршілік қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың жұмыс істеу және даму үдерісіндегі экономикалық әрі экологиялық аспектілерін ескере отырып, кәсіпорындарға арналған биотехнологиялық үдерістер мен жабдықтарды жобалайды.
	ОН10	Биотехнологиялық үдерістердің нормативтік талаптар мен сапа стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, оларды бақылау және стандарттау жүйелерін әзірлейді.

6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзыреттілік	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль бойынша ОН	Оқу нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	$ОН_{ЖБбҚ1}$ - Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады.	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.	Қазақстан тарихы Философия Дене шынықтыру Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)
	$ОН_{ЖБбҚ2}$ - Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады.	Ақпараттық-коммуникативтік модуль	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады	Шетел тілі Қазақ (Орыс) тілі
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	$ОН_{ЖБбҚ3}$ - Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.		Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді.	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар

Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН1 - Кәсіби қызметтегі міндеттерді шешу үшін экономика, құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық салаларындағы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырады..	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Кәсіби қызметте экономика және құқық білімдерін, сондай-ақ кәсіпкерлік пен қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)
	ОН2 - Қолданбалы ғылыми міндеттерді шешуде аналитикалық әдістерді тиімді пайдаланады.	Жаратылыстану ғылымдар	Биотехнологиялық өндірісті ұйымдастыруда математикалық, физика-химиялық талдау әдістерін қолданады.	Жоғары математика Физикалық және коллоидтық химия
	ОН3 - Биотехнологиялық процестерді негіздеу, әзірлеу және жетілдіру үшін молекулалық және жасушалық механизмдерді талдайды.	Молекулалық биология	Биологиялық жүйелердің қызмет етуінің молекулалық және генетикалық механизмдері туралы іргелі білімдерді кәсіби міндеттерді шешу үшін біріктіреді.	Биохимия Жалпы және молекулалық генетика /Жасушаның молекулалық биологиясы Гендік инженерия негіздері /Генетикалық түрлендірілген организмдер және биоқауіпсіздік
	ОН4 - Аналитикалық, микробиологиялық және санитарлық-биологиялық зерттеулер жүргізу, биологиялық жүйелердің микрофлорасын бағалау, сондай-ақ консервациялау және сапаны бақылау процестерін қамтамасыз ету үшін биотехнологияның негізгі тенденцияларын талдайды.	Биотехнологияның теориялық негіздері	Биологиялық жүйелердің микрофлорасын микробиологиялық талдауды, зертханалық бақылауды және бағалауды жүргізеді.	Биотехнологияға кіріспе Микробиология /Техникалық микробиология Тамақтану гигиенасы /Тамақтану физиологиясы және нутрициология Микроорганизмдер биотехнологиясы Биотехнология нысандары Вирусология
	ОН5 - Заманауи әдістерді, технологияларды және жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін		Биотехнологиялық процестерді талдау және модельдеу үшін ғылыми зерттеулердің әдіснамасын және жасанды интеллект құралдарын қолданады.	Биотехнологиядағы ғылыми зерттеулердің негіздері /Биотехнологиялық зерттеу әдістемесі Биотехнологиядағы заманауи әдістер

	интерпретациялайды.			/Нанобиотехнология Жасанды интеллектке кіріспе (Minor) Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor) Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor) Өндірістік тәжірибе
Кәсіби құзіреттіліктер (Hardskills)	ОН6 - Жаңа өнімдер мен үдерістерді жасау мақсатында заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып, биотехнологиялық тәсілдерді әзірлейді.	Қолданбалы биотехнология	Микробиологиялық, экологиялық және нанобиотехнологиялық аспектілерді ескере отырып, биөнімдерді алу, өңдеу және қолдану бойынша биотехнологиялық процестерді оңтайландырады.	Ақуыз заттардың биотехнологиясы /Биотехнологиялық өндірістердегі микробиологиялық синтез Өсімдік шикізатын өңдеудің биотехнологиялық негіздері /Биотехнологиялық өндіріс шикізаттары мен өнімдерінің теориялық негіздері Тағам өнеркәсібінің ферменттік препараттары /Ашытқы дақылдарының биотехнологиясы Қолданбалы микробиология Экологиялық биотехнология /Экология және биоалуантүрлілік
	ОН7 - Анықтамалық геномдық тізбектерді әзірлеу және азық-түлік, ауылшаруашылық және ветеринарлық өнімдерді өндіру үшін озық цифрлық жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, биологиялық жүйелерді зерттеу, оңтайландыру және инновациялау үшін биотехнологиялық процестің қадамдарын үйлестіреді.		Тағамдық, аграрлық және ветеринарлық өнімдерді өндіру мен олардың сапасын бақылауға арналған заманауи цифрлық әдістер негізінде биотехнологиялық шешімдерді әзірлейді.	Өсімдіктер биотехнологиясы /Жануарлар биотехнологиясы Тағамдық қоспалар және биологиялық белсенді заттар /Жасанды интеллект негіздерімен мутагенез Өндірістік биотехнология Ашыту өндірісінің биотехнологиясы /Шарап және шарап жасау өндірісінің биотехнологиясы Нан өнімдерінің биотехнологиясы /Агробиотехнология

				Ет және ет өнімдерінің биотехнологиясы /Жасанды интеллект элементтері бар ветеринарлық биотехнология негіздері
	ОН8 - Биоөнімнің сапасы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ оның функционалдығын, қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету мақсатында биотехнологиялық кәсіпорындардың өндірістік процестерін жүзеге асырады.		Тағамдық және биологиялық өнімдердің функционалдылығын, қауіпсіздігін және сақталуын арттыру үшін биотехнологиялық өнімдер мен процестерді жетілдіреді.	Тағамдық биотехнология Функционалды тамақ өнімдерінің биотехнологиясы /Иммунобиотехнология Сүт және сүт өнімдерінің биотехнологиясы /Пробиотиктер мен пребиотиктердің биотехнологиясы Консерві өндірісінің биотехнологиясы /Биотехнологиялық объектілерді криоконсервациялау Өндірістік практика II
	ОН9 - Өндірістің тіршілік қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың жұмыс істеу және даму үдерісіндегі экономикалық әрі экологиялық аспектілерін ескере отырып, кәсіпорындарға арналған биотехнологиялық үдерістер мен жабдықтарды жобалайды.	Технологиялық	Тұрақтылықты, қауіпсіздікті және басқарудың цифрлық әдістерін ескере отырып, биотехнологиялық процестер мен кәсіпорындарды жобалайды.	Биотехнологиядағы үрдістер мен жабдықтар /Биотехнологиялық жабдықтар Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі Биотехнологиялық кәсіпорындарды жобалау /Тамақ кәсіпорындарын жобалау
	ОН10 - Биотехнологиялық үдерістердің нормативтік талаптар мен сапа стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, оларды бақылау және стандарттау жүйелерін әзірлейді.		Биотехнологиялық процестердің негізгі параметрлерін, шикізат пен өнім қасиеттерін өлшеуге арналған техникалық құралдарды пайдалана отырып, технологиялық процесті регламентке сәйкес жүзеге асырады.	Стандарттау және сәйкестікті растау /Метрология, стандарттау және сертификаттау Биотехнологиялық өндірісті бақылау және бағалау /Биотехнологиялық өндірістерді технохимиялық бақылау

				Дипломалды практика /Өндірістік практика
	ОН11 - Биотехнология саласындағы жұмысты жақсарту және ұйымдастыру, биотехнология саласында оқыту дағдыларын қолдану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастырады.	Қорытынды аттестаттау модулі	Тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану және белгіленген нысандар бойынша ғылыми-зерттеу және өндірістік қызметтің нәтижелерін дербес өңдеу, түсіндіру және ұсыну. Дипломдық жұмысты/дипломдық жобаны орындау және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру.	Қорытынды аттестаттау

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің қол жеткізілуінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит-тер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)												
				$ОН_{ЖББК1}$	$ОН_{ЖББК2}$	$ОН_{ЖББК3}$	ОН1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН10
Жалпы білім беретін пәндер циклі Міндетті компоненті																
1	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы,	5	+												

		Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады.															
2	Дене шынықтыру	Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде	8	+													

		пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады.														
3	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық	5	+													

		қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді.															
4	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану. Саясаттану. Мәдениеттану. Психология)	Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше	8	+													

		отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды.															
5	Шетел тілі	Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін	10		+												

		шет тілінде айта алады.															
6	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.	10		+												
7	Ақпараттық-коммуникациялық	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы	5			+											

	технологияла р	ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды.															
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ Жоғары оқу орны компоненті																		
8	Экономика,	Пән нарықтық	5				+											

	кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді.														
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ Жоғары оқу орны компоненті																	
9	Жоғары математика	Пән жоғары математика негіздерін қалыптастыру, типтік есептерді шешудің математикалық	5					+									

		әдістерімен таныстыру және оларды іс жүзінде қолдану мақсатында оқытылады. Пәннің мазмұны сызықтық және векторлық алгебра элементтері, математикалық талдау, ықтималдықтар теориясы бойынша теориялық және практикалық тапсырмаларды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қолданбалы есептерді математикалық модельдерді құру арқылы шешеді.														
10	Биотехнологияға кіріспе	Пән биотехнологияның ғылыми және өндірістік сала ретіндегі негізгі білімдерін дамыту үшін оқытылады. Мазмұны даму кезеңдерін, негізгі бағыттарын, биотехнологиялық процестерді, микроорганизмдер мен жасуша дақылдарын пайдалануды және биоөнімдерді өндіруді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы	4							+						

		биотехнология принциптерін кәсіби қызметінде қолданады.															
11	Физикалық және коллоидтық химия	Пән химиялық процестердің физикалық негіздерін, дисперстік жүйелердің қасиеттерін және беттік құбылыстарды зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны химиялық термодинамиканы, химиялық кинетиканы, фазалық тепе-теңдіктерді, электрохимияны, ерітінділердің қасиеттерін, коллоидтық жүйелердің классификациясын, дисперстік жүйелердің тұрақтылығын, беттік құбылыстар мен адсорбцияны қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы термодинамика, кинетика және коллоидтық химия әдістері негізінде процестердің физика-химиялық заңдылықтары мен дисперстік жүйелердің қасиеттерін	4					+									

		талдайды.														
12	Биохимия	Пән тірі организмдердің химиялық құрамын және тіршілік процестерінің молекулалық механизмдерін зерттеуге бағытталған. Мазмұнына ақуыздардың, липидтердің, көмірсулардың және нуклеин қышқылдарының құрылысы мен қызметі, ферментативтік катализ, биоэнергетика, зат алмасу (метаболизм), сондай-ақ биохимиялық процестердің реттелуі кіреді. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы биохимиялық процестерді және тірі жүйелердің молекулалық деңгейде қызмет ету заңдылықтарын талдайды.	4						+							
13	Қолданбалы микробиология	Пән жалпы және тағам микробиологиясы саласындағы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны шартты-патогенді микроорганизмдерді,	5									+				

		санитарлық-микробиологиялық зерттеулерді, зертханалық диагностиканы, сәйкестендіру әдістерін, қоректік орталарды дайындауды, микробиологиялық бақылауды және өнімдердің биологиялық қауіпсіздігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы зертханалық диагностика және микроорганизмдерді сәйкестендіру әдістері арқылы тағам өнімдерінің микробиологиялық қауіпсіздігін бақылайды.														
14	Микроорганизмдер биотехнологиясы	Пән микробиологиялық процестер және микроорганизмдердің өндірістік штаммдарын алу әдістері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұнына микробтық синтез өнімдері, қышқыл сүт өнімдерін алу, микробтық ақуыз,	5							+						

		органикалық қышқылдар мен полисахаридтерді өндіру, сондай-ақ штаммдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері кіреді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биөнімдер өндіру үшін микроорганизмдердің өнеркәсіптік штаммдарын алу бойынша микробиологиялық процестерді жүзеге асырады.														
15	Вирусология	Пән вирустар, олардың құрылысы, қасиеттері және биологиялық жүйелердегі рөлі туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны вирустардың жіктелуі, олардың репликация механизмдері, жасушамен өзара әрекеттесуі, вирустық инфекцияларды диагностикалау және бақылау әдістері мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы	3							+						

		вирус процестерін және оларды биотехнология мен медицинада зерттеу әдістерін талдайды.															
16	Тағамдық биотехнология	Пән тамақ өнімдерін өндіруде биотехнологиялық процестерді қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны микроорганизмдер мен ферменттерді қолдануды, технологиялық процестерді оңтайландыру әдістерін, функционалдық тамақ өнімдерін әзірлеуді және өндіріс тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тамақ өнімдерін өндіру және оңтайландыру үшін биотехнологиялық процестерді қолданады.	5												+		
17	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, әлеуметтік әл-ауқат және қоршаған ортаны сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз	5													+	

		етуді зерттейді. Мазмұны экологияны, тіршілік қауіпсіздігін және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергия мен қалдықтарды басқаруда экологиялық қауіпсіздік принциптерін қолданады.														
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ Таңдау компоненті																	
18	Микробиология	Пән микроорганизмдер, олардың құрылысы, физиологиясы және биосферадағы әрі адам қызметіндегі рөлі туралы жүйелі білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны микроорганизмдер морфологиясы, метаболизм, өсу және көбею негіздері, генетика және классификация элементтері, сондай-ақ олардың тамақ және биотехнологиялық жүйелердегі маңызы мен	4							+							

		тағам өнімдерін консервілеу саласындағы аналитикалық және микробиологиялық әдістердің рөлін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы табиғи және өндірістік процестердегі микроорганизмдердің құрылысы, физиологиясы және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ консервіленген өнімдердің сапасын бақылау үшін микробиологиялық талдау әдістерін талдайды.															
19	Техникалық микробиология	Пән микроорганизмдердің өндірістік және технологиялық процестердегі рөлі, табиғатта және тамақ өнеркәсібінде заттардың айналуы, алиментарлық аурулардың пайда болу себептері және олардың алдын алу шаралары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4							+							

		Микроорганизмдерді бояу, өсіру және сәйкестендіруді қамтитын микробиологиялық талдау әдістері қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өндірісте санитарлық-микробиологиялық бақылауды жүзеге асыруға қабілетті.														
20	Жалпы және молекулалық генетика	Пән жасушалардың генетикалық дамуы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны тұқым қуалаудың материалдық негіздері, аллельдік емес гендердің өзара әрекеті, мутациялық өзгергіштік әдістері, онтогенез және популяциялар генетикасы мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тұқым қуалаушылықты және биотехнологиялық процестерді талдау үшін генетикалық әдістерді қолданады.	5						+							
21	Жасушаның	Пән биологиялық	5						+							

	молекулалық биологиясы	процестерді басқаратын молекулалық жүйелердің жұмыс механизмдері және молекулалық биологияның заманауи әдістері туралы түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны ақуыздардың қасиеттері, хроматин, генетикалық элементтер, молекулалық-генетикалық процестерді қамтиды, олар биотехнологиялық және өндірістік қолдануларда пайдаланылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бағалы биөнімдерді талдау және алу үшін молекулалық-биологиялық әдістерді қолданады.															
22	Биотехнологиядағы ғылыми зерттеулердің негіздері	Пән биотехнологиядағы ғылыми зерттеулердің әдістері мен кезеңдері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны тәжірибелерді жоспарлау, өндірісті техникалық дайындау, зерттеулер жүргізу,	5								+						

		деректерді талдау және қорытындылар шығару мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биотехнологиялық зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және талдау үшін ғылыми әдістерді қолданады.														
23	Биотехнологиялық зерттеу әдістемесі	Пән ғылыми-зерттеу жұмысты жоспарлау және жүргізу принциптері мен оның нәтижелерін ғылыми-техникалық құжат түрінде рәсімдеу туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән мазмұны зерттеу әдістемесі, тақырыптың өзектілігін негіздеу, ғылыми жаңалықтарды талдау, патенттік іздеу және биотехнологиялық процестерге қатысты деректерді өңдеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биотехнологиялық процестерді және олардың нәтижелерін ғылыми-техникалық түрде талдайды.	5								+					

24	Өсімдік шикізатын өңдеудің биотехнологиялық негіздері	Пән биотехнологиялық өндірісте өсімдік шикізатын өңдеу туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны шикізатты таңдау, биотехнологиялық процестер, құрамын және тағамдық құндылығын бағалау, сондай-ақ әдістерді қолдану перспективаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өсімдік шикізатын өңдеу және талдау үшін биотехнологиялық әдістерді қолданады.	5									+					
25	Биотехнологиялық өндіріс шикізаттары мен өнімдерінің теориялық негіздері	Пән сапалы биотехнологиялық өнімдер алу үшін шикізатты рационалды өңдеу туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны биотехнологиялық процестер, өндірісті ұйымдастыру және құрылымы, негізгі кезеңдер мәселелерін	5									+					

		қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы шикізатты өңдеу және өнім сапасын қамтамасыз ету үшін биотехнологиялық процестерді қолданады.														
26	Тамақтану гигиенасы	Пән тағамдық өнімдердің гигиенасы мен қауіпсіздігі, стандарттарды әзірлеу және бақылау әдістері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны тамаққа байланысты ауруларды талдау, олардың алдын алу, сондай-ақ гигиена деңгейін мониторингтеу және арттыру үшін жасанды интеллектті қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін гигиена және бақылау әдістерін қолдана отырып бағалайды.	5							+						
27	Тамақтану физиологиясы және нутрициологи	Пән тағамдық заттардың өзара әрекеті мен олардың организмге әсері туралы	5							+						

	я	функционалды және гигиеналық аспектілерді зерттеу мақсатында оқытылады. Мазмұны тамақты таңдау, оның құндылығын бағалау, организмді қажетті қоректік заттармен қамтамасыз ету, тамақтану ұсыныстарын қолдану және мемлекеттік саясатты талдауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өнімдердің тағамдық құндылығын бағалай отырып, рационалды тамақтану бойынша негізделген ұсыныстар жасайды.															
28	Биотехнологиядағы үрдістер мен жабдықтар	Пән биотехнологиялық өндірістердегі технологиялық процестер мен машина-құрылымдық схемалар туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны аппаратураның құрылымы мен конструкциясы, рационалды технологиялық	5													+	

		процестер, олардың оптималды параметрлері, процестерді интенсификациялау және жабдықты жетілдіру мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді және қауіпсіз биотехнологиялық өндіріс үшін технологиялық процестер мен құрылғыларды қолданады.															
29	Биотехнологиялық жабдықтар	Пән биотехнологиялық өндірістердегі жабдыққа қойылатын талаптар, оның классификациясы, конструкциясы және жұмыс істеу принциптері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны ферментерлер, сепараторлар, сүзгілер, аэротенктер сияқты биошикізатты өңдеу, сақтау және қайта өңдеуге арналған технологиялық жабдықты қамтиды. Пәнді меңгеру	5													+	

		нәтижесінде білім алушы биошикізатты өңдеу және сақтау үшін биотехнологиялық жабдықты қолданады.															
30	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)	Пән жасанды интеллект принциптері мен әдістері туралы базалық түсініктерді қалыптастыруға, кәсіби міндеттерді шешуде интеллектуалды технологияларды қолдануға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды интеллекттің даму кезеңдерін, машиналық оқыту негіздерін, нейрондық желілер элементтерін, деректерді өңдеу әдістерін, интеллектуалды жүйелерді және жасанды интеллект технологияларының қолдану салаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметтің түрлі салаларында жасанды интеллект технологияларын қолданады.	5								+						

31	Функционалды тамақ өнімдерінің биотехнологиясы	Пән функционалды тағамдық өнімдерді әзірлеу және өндірудің биотехнологиялық принциптері туралы базалық білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны биологиялық белсенді компоненттерді алу және тұрақтандыру әдістерін, олардың тағам өнімдеріне енгізілуін және функционалдық қасиеттерін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы функционалды тағам өнімдерін әзірлеу және өндіру үшін биотехнологиялық әдістерді қолданады.	5											+		
32	Иммунобиотехнология	Пән диагностикалық, профилактикалық және терапевтік биопрепараттарды жасау үшін иммундық механизмдер мен биотехнологияларды қолдану принциптері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны иммундық	5											+		

		жүйенің негіздері, моноклоналды антиденелерді алу әдістері, вакциналар мен иммунодиагностика технологиялары, иммунобиопрепараттарды әзірлеудің биотехнологиялық тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы диагностикалық, профилактикалық және терапевтік биопрепараттарды әзірлеу үшін иммунобиотехнологияларды қолданады.															
33	Гендік инженерия негіздері	Пән рекомбинантты ДНҚ және генетикалық модификацияланған организмдерді құрудың молекулалық-генетикалық әдістері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны молекулалық диагностика, ex vivo және in vivo гендік терапия, ДНҚ секвенирлеу және амплификация	5						+								

		мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы рекомбинантты ДНҚ-ны жасау және талдау үшін гендік инженерия әдістерін қолданады.														
34	Генетикалық түрлендірілген организмдер және биоқауіпсіздік	Пән генетикалық модификацияланған организмдерді (ГМО) алу және қолдану, сондай-ақ тағамдық шикізаттың биоқауіпсіздігі туралы жүйелі түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны рекомбинантты ДНҚ жобалау, ГМО қауіпсіздігін бақылау, халықаралық және мемлекеттік реттеу, ГМО өндірісі мен қолдануын мониторингтеу және бақылау әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы генетикалық түрлендірілген организмдерді қолданғанда тәуекелдер мен биоқауіпсіздікті	5						+							

		бағалайды.															
35	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor)	Пән ақпаратты интеллектуалды өңдеу үшін жасанды нейрондық желілерді әзірлеу мен қолданудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды нейрондық желілерді құру және олардың жұмыс істеу принциптерін, нейрондық желілердің негізгі архитектураларын, оқыту әдістерін, деректерді дайындау мен өңдеуді, нейрожелілік модельдерді әзірлеу құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы деректерді өңдеу міндеттері мен интеллектуалды жүйелерді шешу үшін нейрондық желілерді әзірлейді.	5								+					
36	Өсімдіктер биотехнологи	Пән жасанды қоректік орталарда асептикалық	5										+			

	ясы	жағдайда өсімдік жасушаларының, тіндерінің және мүшелерінің культивациясы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны жаңа өсімдік формаларын және сызықтарын жасау, олардың стресс факторларына төзімділігін бағалау, биоалуантүрлілікті сақтау және екінші реттік метаболиттерді алу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өсімдіктерге клондық көбею және биотехнологиялық әсер ету әдістерін қолданады.															
37	Жануарлар биотехнологиясы	Пән жануарлар биотехнологиясының методологиялық тәсілдері, жасанды ұрықтандыру және жасушаларды криоконсервациялау туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны	5										+			

		эмбриотрансплантацияны, эмбриондарды культивирлеуді, эмбриоинженерияны, биопрепараттар мен вакциналарды жасау әдістерін, сондай-ақ зертханалық жануарлармен және мамандандырылған биотехнологиялық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жануарлардың өнімділігі мен генетикалық әлеуетін арттыру үшін биотехнологиялық әдістерді қолданады.															
38	Тағамдық қоспалар және биологиялық белсенді заттар	Пән тағамдық қоспалар, биологиялық белсенді заттар (ББЗ) және олардың өнім өндірісі мен сапасына әсері туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны микробиологиялық және тотығу арқылы бұзылуды баяулатуды, биологиялық белсенді заттардың микробты	5											+			

		синтезін және оларды өсімдік және жануар жасушаларынан алуды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өнім сапасын жақсарту үшін тағамдық қоспалар мен биологиялық белсенді заттарды қолданады.														
39	Жасанды интеллект негіздерімен мутагенез	Пән мутагенезбен байланысты биотехнологиялық процестерді үйлестіру принциптерімен қатар, генетикалық өзгерістердің пайда болу механизмдері мен типтері туралы жүйелі білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мутациялардың индукция факторлары, оларды тіркеу, талдау және интерпретациялау әдістері, сондай-ақ жаңа генетикалық варианттарды алу үшін мутагенезді қолдану тәсілдері қарастырылады. Заманауи есептеу әдістері негізінде биологиялық жүйелерді	5										+			

		модельдеу және оңтайландыруға, соның ішінде мутациялардың салдарын болжау және биотехнологиялық процестердің тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект негіздеріне ерекше көңіл бөлінеді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биотехнологиялық процестер кезеңдерін үйлестіреді, жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып биологиялық жүйелерді талдау және модельдеуді жүзеге асырады.														
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ ЖОО компоненті.																
40	Биотехнология нысандары	Пән биологиялық объектілер мен олардың биотехнологияда қолдану принциптері туралы білімді жетілдіруге бағытталған. Мазмұны организмдердің құрылымдық-функционалдық ұйымдасуы, өнеркәсіптік қолдануға арналған объектілерді таңдау,	5							+						

		олардың культивация әдістері және модификацияланған биообъектілерді жасау мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биотехнологиялық процестерде биологиялық объектілерді тиімді пайдалану мақсатында қолданады.														
41	Өндірістік биотехнология	Пән биотехнологиялық өндірістерді ұйымдастыру туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұнына өнеркәсіптік ферментерлердің жұмыс принциптері, процесс технологиялары, микробтық ақуыз синтезі, бастапқы және екінші метаболиттер, сондай-ақ мақсатты өнім алу әдістерін таңдау критерийлері кіреді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мақсатты биөнімдерді алу үшін микробиологиялық синтез технологияларын	5										+			

		қолданады.														
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ Таңдау компоненті																
42	Стандарттау және сәйкестікті растау	Пән өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін реттейтін өндірістерде стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану негіздері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны стандарттау әдістерін, техникалық регламенттер мен стандарттарды қолдануды, өнімнің сәйкестігін растау рәсімдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде өндірістік процестерде белгіленген талаптарды сақтау үшін нормативтік құжаттар мен сәйкестікті растау рәсімдерін пайдалана отырып, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.	5													+
43	Метрология, стандарттау және сертификаттау	Пән метрология, стандарттау және сертификаттау саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыру	5													+

		мақсатында оқытылады. Пән мазмұны өлшеулердің негіздерін және олардың дәлдігін қамтамасыз етуді, ұлттық және халықаралық стандарттарды, сондай-ақ сәйкестікті бағалау рәсімдерін және сапа мен қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы биотехнологиялық өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін метрологиялық қамтамасыз ету әдістерін, стандарттар мен нормативтік талаптарды қолданады.														
44	Биотехнологиядағы заманауи әдістер	Пән биотехнологиялық деректерді талдау үшін биофизикалық, молекулалық-генетикалық және иммунологиялық әдістерді, сондай-ақ ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллектіні меңгеру мақсатында	5								+					

